




Елордада
эпидемиялық
жағдай нашарлады

7-бет



Азық-түлік те,
дәрі-дәрмек те
үзілмейді

8-бет



Команданттық,
сағатты бұзғандар
көбейіп тұр

11-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

№8 (30237) 13 ҚАҢТАР, БЕЙСЕНБІ 2022 ЖЫЛ

Жүз жылдық жылнама

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

Алматы қысқа мерзімде қалпына келтіріледі

Мемлекет басшысының төрағалығымен жедел штаб отырысы өтті. Онда Үкіметтік комиссияның төрағасы, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев және Ішкі істер, Қорғаныс, Төтенше жағдайлар министрлері баяндама жасады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Президентке Алматы қаласына қосымша күштер, соның ішінде ҰҚШҰ бітімгерлік контингентінің күштерін жұмылдыруға қатысты берген тапсырмасының нәтижесінде қала лаңкестерден толық газартылғаны туралы баяндалды.

Қазіргі уақытта қала тіршілігін қамтамасыз ететін барлық саланың жұмысын қалпына келтіру белсенді жүріп жатыр.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың хабарлауынша, қаланы жылу, электр қуаты, су және газбен қамтамасыз ететін барлық нысан қалыпты жұмыс істеп жатыр. Сауда орталықтары, қоғамдық тамақтану орындары, базарлар, жанармай бекеттері және өнеркәсіп орындары жұмыстарын жандандыруда, қоғамдық көлік іске қосылған.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа зардап



шеккен әкімшілік ғимаратында 14 қалалық басқарма болғаны, қазіргі уақытта олардың резервтік ғимараттарға, сондай-ақ әкімшілікке қарасты ұйымдарға орналастырылғаны жөнінде ақпарат берілді.

Бұдан бөлек тәртіпсіздік кезінде келтірілген шығын көлемін анықтау жұмыстары жүргізілуде.

Мемлекет басшысы еліміздің ірі қаласына жасалған террористік шабуыл

салдарын өз көзімен көру үшін Алматыға арнайы келгенін айтты.

Президент Үкіметтік комиссияға Алматы қаласының әкімдігімен бірлесе отырып, инфрақұрылым нысандарын, оның ішінде мемлекеттік, құқық қорғау және арнаулы құрылымдардың ғимараттарын, бейнебақылау жүйесін қысқа мерзім ішінде қалпына келтіруді тапсырды.

Сонымен қатар зардап шеккен кәсіпкерлерге қолдау көрсетіледі.

– Өздеріңізге мәлім, Алматы – менің туған қалам. Осында дүниеге келдім, оқыдым. Алдымызда қысқа мерзім ішінде қаланы қалпына келтіру міндеті тұр. Бұл – менің Президент және еліміздің азаматы ретіндегі парызым. Қаланың қалпына келетініне еш күмән жоқ. Үкіметтің алдында қаланың

келбетін бұрынғыдан да жақсарту міндеті тұр. Бұл – өте үлкен жұмыс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы алда ҰҚШҰ бірлескен бітімгерлік контингентінің бөлімшелерін қайтару жұмыстары жүргізілетінін айтты.

– Ертең ҰҚШҰ бірлескен бітімгерлік контингентін елден шығару жұмыстары басталады. Мен тиісті мемлекеттердің басшыларымен сөйлестім. Осы сәтті пайдаланып, осы бірнеше күнде жүргізілген ауқымды жұмыстары үшін контингенттің басшылығына алғыс айтамын. ҰҚШҰ бітімгерлік контингентінің Қазақстанға, соның ішінде Алматыға келгені жалпы еліміздегі жағдайды тұрақтандыруда үлкен рөл атқарды. Бұл әрекеттердің лаңкестер мен содырлардың агрессиясын қайтаруда үлкен психологиялық маңызы болғаны сөзсіз. Миссия өте сәтті өтті. Мен өріптестеріме – Ұйымға мүше елдердің басшыларына үлкен алғыс білдіремін, – деді Президент.

Жедел штаб отырысының қорытындысы бойынша Үкіметтік комиссия мен жергілікті әкімдіктер бірлесіп, қысқа мерзім ішінде барлық аймақтағы нысандарды қалпына келтіруге, үздіксіз транспорт жұмысын қамтамасыз етуге, азық-түлікпен қамтамасыз етуге, сондай-ақ шағын және орта бизнес нысандарының жұмысын жандандыруға күш салу тапсырылды.

ҰҚШҰ Бас хатшысын қабылдады



Суреттерді түсіргендер: А. ДИСКЕНБЕК, Г. СМЫГОВ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ Бас хатшысы Станислав Засяті қабылдады, деп хабарлады Қазақстан басшысының баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының кезектен тыс саммитінің қорытындысына көңілі толатынын айтып, ҰҚШҰ бойынша одақтастарына террористік акт кезінде қолдағаны және Қазақстанға көрсеткен көмегі үшін алғыс білдірді.

Қазақстан Президенті

ҰҚШҰ Бас хатшысының жеке өзінің және Хатшылықтың барлық қызметкері мен ҰҚШҰ-ның Біріккен штабының еліміздегі бітімгерлік миссиясын ұйымдастыру жөніндегі күш-жігеріне қосқан үлесін атап өтті.

(Соңы 2-бетте)

ПРЕЗИДЕНТ ПОШТАСЫНАН

Қолдау білдіріп, көңіл айтты

Еліміздегі қайғылы жағдайға байланысты Қазақстан Президентінің атына көңіл айту жеделхаттары келіп түсуде, деп хабарлады Мемлекет басшысының баспасөз қызметі.

Қазақстандағы қайғылы оқиғалар кезінде көптеген адамның қаза болуына байланысты Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына шет мемлекеттердің басшыларынан, халықаралық құрылымдардың өкілдерінен көңіл айту жеделхаттары келіп жатыр.

ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин жеделхатында Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекет үшін шешуші сәтте жағдайды жедел өз бақылауына алып, батыл әрі нақты шаралар қабылдағанын жазған.

(Соңы 2-бетте)

Ел қауіпсіздігі үшін құрбан болғандар – нағыз батырлар

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыда қайғылы оқиға кезінде қаза тапқан полиция қызметкерлері мен әскери қызметшілердің туған-туыстарымен кездесті, деп хабарлады Мемлекет басшысының баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы қайғыра көңіл айтып, отбасы мүшелерімен әңгімелесті. Оларға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

– Олар – халқымыздың қауіпсіздігі үшін, еліміздің болашағы үшін өз жандарын құрбан еткен нағыз батырлар. Біз олардың ерлігіне тәнтіміз, ешқашан



ұмытпаймыз. Олар халқымыздың жадында мәңгі сақталады. Сіздердің отбасыларыңыз назардан тыс қалмайтынына сөз беремін. Баспана болсын, балалардың

оқуы болсын барлық мәселеге әрқашанда көмек көрсететін боламыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев әскери және қызметтік міндетін орындау

кезінде көрсеткен батырлығы мен жанкештілігі, мемлекет мүддесін қорғау барысында көрсеткен ерліктері үшін біріне жар, біріне әке болған марқұмдарға берілген наградаларды туған-туыстарына табыс етті.

Атап айтқанда, ҰҚК Шекара қызметі академиясының кафедра бастығы Андрей Кабдиновтің жары мен ұлына II дәрежелі «Айбын» ордені, Алматы қаласы Алматы ауданы полиция басқармасының полиция-жүргізушісі Әлен Асылхановтың жарына, сондай-ақ Алматы қаласы Алматы ауданы полиция басқармасының полиция-жүргізушісі Ринат Камбетовтің жарына III дәрежелі «Айбын» ордені берілді.

(Соңы 2-бетте)

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Батыс Қазақстан облысындағы төтенше жағдайдың күшін жою туралы

«Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес ҚАЗАЛЫ ЕТЕМІН:

1. «Батыс Қазақстан облысында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы № 740 Жарлығымен енгізілген Батыс Қазақстан облысының шекараларындағы төтенше жағдайдың күші 2022 жылғы 13 қаңтардағы 07 сағат 00 минуттан бастап жойылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 12 қаңтар
№ 763

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Павлодар облысындағы төтенше жағдайдың күшін жою туралы

«Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес ҚАЗАЛЫ ЕТЕМІН:

1. «Павлодар облысында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы № 744 Жарлығымен енгізілген Павлодар облысының шекараларындағы төтенше жағдайдың күші 2022 жылғы 13 қаңтардағы 07 сағат 00 минуттан бастап жойылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 12 қаңтар
№ 764

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Солтүстік Қазақстан облысындағы төтенше жағдайдың күшін жою туралы

«Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес ҚАЗАЛЫ ЕТЕМІН:

1. «Солтүстік Қазақстан облысында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы № 745 Жарлығымен енгізілген Солтүстік Қазақстан облысының шекараларындағы төтенше жағдайдың күші 2022 жылғы 13 қаңтардағы 07 сағат 00 минуттан бастап жойылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 12 қаңтар
№ 765